**Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 108 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 сәуірде № 7593 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 9 тамыздағы № 396 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012.08.09 № 396 Бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 11-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға қажетті құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау, қадағалау, лицензиялау және аттестаттау департаменті (Ғ.Р. Әбдірайымов) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған рұқсатты алуға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 наурыздағы № 92 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6151 болып тіркелген және 2010 жылғы 18 мамырдағы № 69 (1865) «Заң газеті» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары Н.П. Тихонюкке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Төраға С. Нокин*

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 108 бұйрығымен бекітілген

## Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға қажетті құжаттардың тізбесі

1. Осы тізбенің қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш.

2. Жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімінің көшірмесі (меншік құқығымен тапсырыс берушінің иелігіндегі үй жанындағы, саяжай, бау-бақша учаскелерінде уақытша құрылыстарды, шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды және абаттандыру элементтерін, сондай-ақ жерді пайдалану құқығымен тапсырыс беруші пайдаланатын жер учаскелерінде (аумақтарда) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрғын үйлер мен тұрмыстық үй-жайларды салуды қоспағанда).

3. Жобалау-сметалық құжаттамаға сараптаманың оң қорытындысының көшірмесі (бір сатылы жобалау кезінде жұмыс жобасы бойынша не екі сатылы жобалау кезінде жоба бойынша).

4. Бас мердігердің құрылыс-монтаж жұмыстары түрлерінің тізбесі бар сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензиясының көшірмесі.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алуға қажетті құжаттардың тізбесіне қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Бас мемлекеттік құрылыс инспекторына

______________________________________________

*(тегі, аты, әкесінің аты)*

Тапсырыс беруші (құрылыс салушы) ______________________

______________________________________________

*(жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы және телефоны, заңды тұлға үшін ұйымның атауы, мекенжайы, телефоны)*

# ӨТІНІШ

____________________________________________________________

*(объектінің атауы, мекенжайы)*

____________________________________________________________

Объектісі бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама құрамында _____ ______ айға (айларға) бекітілген құрылыстың нормативтік ұзақтық мерзіміне құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді сұраймын.

Құрылыс 20___ жылғы «__» __________ басталды.

Пайдалануға беру мерзімі 20___ жылы «__» __________

Мынаны хабарлаймын:

жер учаскесіне тиісті құқық беру туралы 20___«__» __________ № _____ шешім (меншік құқығымен тапсырыс берушінің иелігіндегі үй жанындағы, саяжай, бау-бақша учаскелерінде уақытша құрылыстарды, шаруашылық-тұрмыстық құрылыстарды және абаттандыру элементтерін, сондай-ақ жерді пайдалану құқығымен тапсырыс беруші пайдаланатын жер учаскелерінде (аумақтарда) маусымдық жұмыстар мен шалғайдағы мал шаруашылығына арналған тұрғын үйлер мен тұрмыстық үй-жайларды салуды қоспағанда);

объектіні салуға арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы

____________________________________________________________

*(жобалау ұйымның атауы, лицензия №, берілген күні, жобалаудың сатылығы)*

____________________________________________________________ әзірледі

және ____________________________________________________ бекітті,

*(ұйымның атауы, бұйрықтың күні және №)*

бұл орайда объект ____________________________________________________

*(бірінші – жоғары, екінші – қалыпты немесе үшінші – төмен)*

жауапкершілік деңгейіне жатады.

Сонымен қатар, мынаны мәлімдеймін:

а) жұмыстар мердігерлік әдіспен ________________________________

____________________________________________________________

*(құрылысты жүзеге асыратын ұйымның атауы, мекенжайы, телефоны, лицензияның №, алған күні)*

20__ «__»____________ №____ мердігерлік шарты негізінде жүргізіледі;

б) сараптамалық сүйемелдеу режимінде (егер құрылысты кезең-кезеңмен жүргізу қарастырылған болса) құрылыстың тиісті кезеңдеріне арналған 20___ «___»_____________ №_____ шешім берілген;

в) тапсырыс берушінің атынан жауапты тұлға ретінде ___________
_____________________________________________________________________________
*(оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы)*
білімі бар ___________________________________________________________
*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)*
20___ «___»_____________ №_____ бұйрықпен тағайындалған;

г) бас мердігердің атынан құрылыс үшін жауапты тұлға ретінде __
_____________________________________________________________________________
*(оқу орнының атауы, бітірген жылы, мамандығы)*
білімі және құрылыста ________ жыл еңбек өтілі, «Сейсмикаға төзімді құрылыс» (сейсмикалық аудандарда құрылыс жүргізілген жағдайда) курсы бойынша _____
______________________________________________________________
*(куәлік нөмірі, кіммен берілген және ұзартылған)*
_______________________________________________ қолданыстағы куәлігі бар
_____________________________________________________________________________
*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)*
20___ «___»____________ № _____ бұйрықпен тағайындалған;

д) авторлық қадағалауды (қажетті тармақшаларды толтыру қажет) мыналар жүзеге асырады:

1) 20___ «___»______________ № ___ бұйрыққа сәйкес ____________
_____________________________________________________________________________
*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)*
атынан жобаны әзірлеуші ________________________________________________
_____________________________________________________________________________,
*(ұйымның атауы, лицензияның №, алған күні, мекенжайы, телефоны)*

2) 20___ «___»___________ №_____ шартқа сәйкес өз құрамында аттестатталған(-дер) сарапшы(-лар) бар _________________________________
_____________________________________________________________________________
*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)*
ұйым______________________________________________________________________,
*(ұйымның атауы, мекенжайы, телефоны)*

3) 20___ «___»____________ №_____ шартқа сәйкес сарапшы________
_____________________________________________________________________________;
*(сарапшының тегі, аты, әкесінің аты, аттестаттың № және алған күні, мекенжайы және телефоны)*

е) техникалық қадағалауды (қажетті тармақшаларды толтыру қажет) мыналар жүзеге асырады:

1) өз штатында 20___ «___»______________ №_____ бұйрықпен тағайындалған(-дар) аттестатталған сарапшысы(-лары) бар _____________

______________________________________________________________

*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)*

тапсырыс беруші;

2) 20___ «___»______________ №_____ шартқа сәйкес өз құрамында аттестатталған(-дер) сарапшысы(-лары) бар ____________________________

______________________________________________________________

*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)*

ұйым ______________________________________________________________,

*(ұйымның атауы, мекенжайы, телефоны)*

3) 20___ «___»_____________ №_____ шартқа сәйкес сарапшы________ ____________________________________________________________;

*(сарапшының тегі, аты, әкесінің аты, аттестаттың № және алған күні, мекенжайы және телефоны)*

Осы өтініште келтірілген мәліметтерге байланысты барлық өзгерістер туралы сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына уақытылы хабарлауға міндеттенемін.

Тапсырыс беруші (құрылыс салушы) Бас мердігер

___________________________ ____________________________

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, қолы) (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, қолы)

М.О. М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК